

Тегін медициналық көмектің кепілді көлемінің 2005 жылға арналған тізбесін бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 21 желтоқсандағы N 1348 Қаулысы "Қазақстан Республикасында азаматтардың денсаулығын сақтау туралы" Қазақстан Республикасының 1997 жылғы 19 мамырдағы Заңына, "Қазақстан Республикасының денсаулық сақтау ісін реформалау мен дамытудың 2005-2010 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасын іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспарын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 13 қазандағы N 1050 қаулысына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қоса беріліп отырған Тегін медициналық көмектің кепілді көлемінің 2005 жылға арналған тізбесі бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігі облыстардың, Астана және Алматы қалаларының әкімдері Қазақстан Республикасының азаматтарына тегін медициналық көмектің кепілді көлемін ұсынуды қамтамасыз етсін.

3. Осы қаулы 2005 жылғы 1 қаңтардан бастап күшіне енеді және жариялануға тиіс.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Премьер-Министрі

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы
Ү к і м е т і н і ң
2 0 0 4 ж ы л ғ ы 2 1 ж е л т о қ с а н д а ғ ы
N 1 3 4 8 қ а у л ы с ы м е н
бекітілген

**Тегін медициналық көмектің кепілді көлемінің
2005 жылға арналған тізбесі**

1. Жалпы ережелер

1. Тегін медициналық көмектің кепілді көлемінің тізбесі (бұдан әрі - ТМККК тізбесі) Қазақстан Республикасының азаматтарына және оралмандарға (бұдан әрі - азаматтар) мемлекеттік бюджет қаражаты есебінен ұсынылатын медициналық көмек көрсетудің түрлерін, көлемдері мен шарттарын айқындайды және мейлінше дәлелді тиімділігі бар медициналық қызметтерді қамтиды.

2. Шетелдіктер мен азаматтығы жоқ адамдарға ұсынылатын ТМККК тізбесі шұғыл айғақтар бойынша, сондай-ақ егер Қазақстан Республикасы бекіткен халықаралық шарттарда өзгеше көзделмесе, айналадағылар үшін қауіп төндіретін аурулар кезінде медициналық көмек көрсетуді қамтиды.

3. ТМККК тізбесіне кірмейтін медициналық көмекке:

1) халықтың жеке қаражаты;
2) жұмыс берушінің қаражаты;
3) ерікті медициналық сақтандыру жүйесі;
4) Қазақстан Республикасының заңнамасымен тыйым салынбаған басқа да көздер есебінен ақы төленеді.

4. ТМККК азаматтарға жедел медициналық көмек, санитарлық авиация, амбулаториялық-емханалық, стационарлық және стационарды алмастыратын медициналық көмек нысандарында көрсетіледі.

2. Жедел медициналық көмек және санитарлық авиация нысанында ұсынылатын ТМККК тізбесі

5. Жедел медициналық көмек пен санитарлық авиация нысанында көрсетілетін медициналық көмек дәрі-дәрмекпен қамтамасыз етуді қоса алғанда, жіті аурулардан, созылмалы аурулардың өршуінен, жазатайым оқиғалардан, жарақаттардан және уланудан, сондай-ақ жүктілік пен босанудан туындаған адам өміріне немесе денсаулығына қауіп төндіретін жағдайларда (шұғыл жағдайда) халықтың барлық санаттары үшін тегін жүзеге асырылады.

6. Жедел медициналық көмек нысанындағы ТМККК тізбесі емдік-диагностикалық манипуляцияларды орындауды және науқастарды медициналық айғақтары бойынша шұғыл медициналық көмек көрсететін ұйымдарға жеткізуді қамтиды.

7. Жедел медициналық көмек нысанындағы ТМККК тізбесіне шұғыл ауруханаға жатқызуды қажет етпейтін науқастарды, жүкті әйелдерді жоспарлы емдеу мен жоспарлы тасымалдау, сондай-ақ амбулаториялық-емханалық ұйымдар дәрігерлерінің тағайындауларын орындау, сот-наркологиалық және медициналық сараптаманың басқа түрлерін жүзеге асыру, еңбекке жарамсыздық парақтары мен қорытындыларды беру кірмейді.

3. Амбулаториялық-емханалық көмек нысанында ұсынылатын ТМККК тізбесі

8. Амбулаториялық-емханалық көмек нысанындағы ТМККК азаматтарға амбулаториялық-емханалық көмек көрсететін денсаулық сақтау ұйымдарында бастапқы медициналық-санитарлық, білікті және мамандандырылған медициналық көмек түрінде, оның ішінде стационарды алмастыратын көмек нысанында ұсынылады.

9. Бастапқы медициналық-санитарлық көмекті (бұдан әрі - БМСК) азаматтардың тіркелген жері бойынша денсаулық сақтау саласындағы уәкілетті орган (бұдан әрі - уәкілетті орган) белгілеген тәртіппен терапевтер, педиатрлар, жалпы практика дәрігерлері, акушер-гинекологтар, фельдшерлер, акушерлер, медбикелер (бұдан әрі - БМСК мамандары) көрсетеді.

Білікті медициналық көмекті жоғары медициналық білімді БМСК мамандары көрсетеді.

10. Мамандандырылған медициналық көмекті БМСК маманының жолдамасы

бойынша бейіндік мамандар көрсетеді.

11. Амбулаториялық-емханалық көмек нысанындағы ТМККК тізбесі уәкілетті орган бекіткен диагностика мен емдеудің стандарттарына (мерзімдік хаттамаларға) бұдан әрі - Хаттамалар ¹) сәйкес алдын алу, диагностикалық және емдеу қызметтерін қ а м т и д ы .

¹ Бұл жерде және бұдан әрі Хаттама болмаған кезде диагностикалық және емдеу іс-шараларының көлемі жалпыға бірдей қабылданған көзқарастарға сәйкес медициналық айғақтар бойынша айқындалады.

12. Алдын алу қызметтері мыналарды қамтиды:

1) уәкілетті орган белгілеген тәртіппен 20 мен 34 жас аралығындағы әйелдерді, декреттелген жастағы балаларды және халықтың жекелеген топтарын алдын ала т е к с е р у ;

2) Қазақстан Республикасының Үкіметі бекітетін тізбеге сәйкес жұқпалы және паразиттік ауруларға қарсы егу;

3) санитарлық-гигиеналық, індетке қарсы іс-шаралар мен аурулардың алдын алу, о н ы ң і ш і н д е :

жұқпалардың ошақтары мен сыртқы ортаның қолайсыз факторларын эпидемиологиялық және санитарлық-гигиеналық тексеру, сондай-ақ оларды жою немесе әсерлерін азайту жөніндегі шаралар;

халықты және шаруашылық субъектілерін санитарлық-эпидемиологиялық ахуалдар мен аумақтың санитарлық-эпидемиологиялық мониторингінің нәтижелері туралы х а б а р д а р е т у ;

4) халықты қауіпсіз сумен қамтамасыз ету және ұтымды тамақтану жөніндегі т ү с і н д і р у ж ұ м ы с ы ;

5) негізгі аурулар кезінде қатердің іс-қимыл факторларының алдын алуды қоса алғанда, салауатты өмір салтын қалыптастыру жөніндегі іс-шаралар;

6) отбасын жоспарлау мен ұрпақты болу денсаулығын сақтау жөніндегі түсіндіру ж ұ м ы с ы .

13. Диагностикалық қызметтер мыналарды қамтиды:

1) осы Тізбенің 11-тармағының 1) тармақшасында көрсетілген халық топтарын алдын ала т е к с е р у к е з і н д е :

БМСК маманының жолдамасы бойынша БМСК маманының, стоматологтың, акушер-гинекологтың, хирургтың, офтальмологтың, сондай-ақ басқа да бейін м а м а н д а р ы н ы ң т е к с е р у і ;

зертханалық зерттеулер: қанның жалпы талдауы (лейкоциттердің, гемоглобиннің санын, эритроциттердің шөгу жылдамдығын анықтау), зәрдің жалпы талдауы, копрограмма қандағы және зәрдегі глюкозаны анықтау, қандағы аспарагинді және

аланинді аминотрансфераздарды, несеп нәрін анықтау, қақырық талдауы, мерезге микрореакция, әйелдердің қынап жалындысы мен онкоцитологияға арналған жағынды, уретральды жағынды - айғақтары бойынша;
аспаптық зерттеулер: 40-тан асқан адамдарға электрокардиография, флюорография;

2) ауруы бойынша есепте тұрған азаматтарды диспансерлеу кезінде:
БМСК маманының және/немесе бейін маманының тексеруі;
уәкілетті орган белгілеген тәртіппен зертханалық және аспаптық зерттеулер;

3) ауруы бойынша қаралған кезде:
БМСК маманының тексеруі;

БМСК маманының жолдамасы бойынша бейін маманының тексеруі;
БМСК маманы мен бейін мамандарының жолдамасы бойынша азаматтардың барлық санаттарына медициналық айғақтар бойынша полимеразды тізбекті реакция негізіндегі диагностиканы, иммундық-феномендік типтеуді, компьютерлік томографияны, магниттік-резонанстық томографияны, ангиографияны, медициналық-генетикалық зерттеулерді (бұдан әрі - қымбат тұратын зерттеулер) қоспағанда, зертханалық және аспаптық зерттеулер;

БМСК маманы мен бейін мамандарының жолдамасы бойынша 18 жасқа дейінгі балаларға, жүкті әйелдерге, Ұлы Отан соғысына қатысушыларға, мүгедектерге, "Алтын алқа", "Күміс алқа" белгілерімен марапатталған көп балалы аналарға, атаулы әлеуметтік көмек алушыларға, жасына қарай зейнеткерлерге (бұдан әрі - халықтың әлеуметтік қорғалмаған топтарына) жұқпалы аурулармен, сондай-ақ Қазақстан Республикасының Үкіметі бекіткен әлеуметтік елеулі аурулармен және айналадағыларға қауіп төндіретін аурулармен (бұдан әрі - әлеуметтік елеулі аурулар) ауыратын науқастарға медициналық айғақтар бойынша қымбат тұратын зерттеулер.

14. Емдеу қызметтері мыналарды қамтиды:

1) емделуші қиын жағдайдан шыққанға және/немесе жедел жәрдем бригадасы келгенге дейін шұғыл көмек көрсету;

2) емдік манипуляциялар: инъекциялар, дәке, қатайтатын таңғыштар, шендеуіштер салу, медицина ұйымының шығыс материалдарын пайдалана отырып, хирургиялық, гинекологиялық, урологиялық, офтальмологиялық, оториноларингологиялық және басқа да амбулаториялық ем-шаралар;

3) 18 жасқа дейінгі балаларға медициналық айғақтары бойынша физием-шаралар;

4) халықтың әлеуметтік қорғалмаған топтарына шұғыл стоматологиялық көмек, сондай-ақ тіс жұлуды, бұрғылауды және химиялық қатайтылған композицияланған материалдардан пломбылар салуды қоса алғанда 18 жасқа дейінгі балаларға және жүкті әйелдерге көрсетілетін жоспарлы стоматологиялық (ортодонтикалық және ортопедиялық көмектен басқа) көмек;

5) темір тапшылығы анемиясының және йод тапшылығының алдын алуға арналған

препараттармен жүкті әйелдерді, 5 жасқа дейінгі балаларды, сондай-ақ уәкілетті орган бекіткен аурулар түрлерінің тізбесі бойынша азаматтардың жекелеген санаттарын тегін /жеңілдікті дәрі-дәрмекпен қамтамасыз ету.

4. Стационарлық көмек нысанында көрсетілетін ТМККК тізбесі

15. Стационарлық көмек түріндегі ТМККК денсаулық сақтауды мемлекеттік басқарудың жергілікті органдарының ұсынуы бойынша облыстар, Астана және Алматы қалалары үшін уәкілетті орган белгілеген емдеуге жатқызу жағдайларының жоспарланған санының (шекті көлемінің) шеңберінде көрсетіледі.

16. Стационарлық көмек нысанындағы ТМККК жоспарлы және шұғыл айғақтар бойынша көрсетіледі.

17. Жоспарлы айғақтар бойынша ТМККК БМСК маманының, емделушіні басқа медициналық ұйымға ауыстыру кезінде стационарлық көмек көрсететін медицина ұйымының, сондай-ақ уәкілетті орган белгілейтін тәртіппен құрылатын жоғары мамандандырылған медициналық көмек жөніндегі комиссиялардың жолдамасы бойынша көрсетіледі. Шұғыл айғақтар бойынша ТМККК жолдаманың бар-жоқтығына қарамастан көрсетіледі.

18. Стационарлық көмек нысанындағы ТМККК азаматтарға уәкілетті органмен немесе денсаулық сақтауды мемлекеттік басқарудың жергілікті органдарымен, сондай-ақ медициналық мекемелермен тиісті шарттары бар денсаулық сақтау ұйымы білікті, мамандандырылған және жоғары мамандандырылған медициналық көмек түрінде, оның ішінде хаттамаларға сәйкес стационарды алмастыратын көмек нысанында ұсынады.

19. Білікті медициналық көмек терапиялық, хирургиялық, педиатриялық және акушерлік-гинекологиялық бейіндер бойынша көрсетіледі.

20. Мамандандырылған медициналық көмек мынадай мамандықтар бойынша көрсетіледі:

1) аллергиялогия, гастроэнтерология, гематология, дерматовенерология (кең көлемде зақымданған аурулардың ауыр рефрактерлі нысандары), иммунология, жұқпалы аурулар, кардиология, кардиоревматология, лепрология, наркология, неврология, нефрология, профпатология, психиатрия, пульмонология, реабилитология (реабилитология емдеудің ажырамас бөлігі болып табылған жағдайда), ревматология, терапия, фтизиатрия, эндокринология кіретін терапиялық бейін;

2) андрология, анестезиология және реаниматология, камбустиология, маммология, нейрохирургия, онкология, оториноларингология, офтальмология, проктология, травматология мен ортопедия, жүрек-қан тамырлары хирургиясы, трансплантология, токсикология, урология, хирургия, жақ-бет сүйегі хирургиясы кіретін хирургиялық бейін;

3) балалар аллергиялогиясы, балалар гастроэнтерологиясы, балалар мен

жасөспірімдер гинекологиясы, балалар гематологиясы, балалар дерматовенерологиясы, балалар жұқпалы аурулары, балалар иммунологиясы, балалар камбустиологиясы, балалар кардиоревматологиясы, неонатология, балалар неврологиясы, балалар нейрохирургиясы, балалар нефрологиясы, жасөспірімдер нарколологиясы, балалар оториноларингологиясы, балалар онкологиясы, балалар офтальмологиясы, педиатрия, балалар психиатриясы, балалар пульмонологиясы, балалар анестезиологиясы мен реаниматологиясы, балалар реабилитологиясы (оңалту емдеудің ажырамас бөлігі болып табылған жағдайда), балалар жүрек-қан тамырлары хирургиясы, балалар стоматологиясы, балалар травматологиясы мен ортопедиясы, балалар трансплантологиясы, балалар токсикологиясы, жасөспірімдер терапиясы, балалар урологиясы, фтизиопедиатриясы, балалар хирургиясы, балалар жақ-бет сүйегі хирургиясы, балалар эндокринологиясы кіретін педиатриялық бейін;

4) денеден тыс ұрықтандыру мен медициналық генетикадан басқа акушерлік пен гинекологияны қамтитын акушерлік және гинекология бейіні.

21. Жоғары мамандандырылған медициналық көмек уәкілетті орган бекітетін тізбе бойынша көрсетіледі.

22. Стационарлық көмек нысанында көрсетілетін ТМККК диагностикалық және емдік қызметтерді қамтиды.

23. Диагностикалық қызметтер мыналарды қамтиды:

1) мамандардың тексерулері, консультациялары;

2) азаматтардың барлық санаттарына жоспарлы ауруханаға жатқызу, сондай-ақ қымбат тұратындарды қоспағанда, медициналық айғақтары бойынша зертханалық және аспаптық зерттеулер;

3) халықтың әлеуметтік қорғалмаған топтарына және әлеуметтік елеулі аурулармен ауыратындарға медициналық айғақтары бойынша қымбат тұратын зерттеулер.

24. Емдеу қызметтері мыналарды қамтиды:

1) медициналық айғақтары бойынша емдік манипуляциялар;

2) уәкілетті орган бекітетін негізгі өмірлік маңызы бар дәрілік заттардың тізімі шегінде медициналық айғақтары бойынша дәрі-дәрмекпен қамтамасыз етуі;

3) медициналық айғақтары бойынша қан препараттарымен және компоненттерімен қамтамасыз ету;

4) емдік тамақтандыру.

25. Стационарлық көмек нысанындағы ТМККК-ні көрсету стандартты палаталарда қосымша сервистік қызметтерді (теледидар, телефон, тапсырыспен тамақтану және т.б.) ұсынусыз, мынадай шарттар сақталған кезде жүзеге асырылады:

1) емдеуге жатқызуға (жоспарлы емдеуге жатқызу кезінде) жолдаманың болуы;

2) жоспарлы емдеуге жатқызу кезінде жеке басты куәландыратын құжаттың немесе оны алмастыратын құжаттың болуы;

3) медициналық айғақтардың (тәулік бойы медициналық бақылаудың қажеттілігі)

б о л у ы ;

4) жоспарлы емдеуге жатқызу кезінде талап етілетін тексерулердің болуы.

5. Стационарды алмастыратын көмек нысанында ұсынылатын ТМККК тізбесі

26. Стационарды алмастыратын көмек нысанындағы ТМККК уәкілетті орган белгілейтін тәртіппен күндізгі стационарларда, күндіз емделу палаталары мен үйдегі стационарларда ұсынылады.

27. Күндізгі стационарларда және күндіз емделу палаталарында ұсынылатын стационарды алмастыратын көмек диагностикалық, емдік іс-шараларды, оның ішінде медициналық айғақтары бойынша уәкілетті орган белгілейтін негізгі өмірлік маңызы бар дәрілік заттардың тізімі шегінде дәрі-дәрмекпен қамтамасыз етуді қамтиды.

28. Үйдегі стационарларда ұсынылатын стационарды алмастыратын көмек медициналық айғақтары бойынша емдік манипуляцияларды жүргізуді және осы Тізбенің 14-тармағының 5-тармақшасында көзделген көлемде дәрі-дәрмекпен қамтамасыз етуді қамтиды.